

## Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезінің Хатшылығы

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезінің Хатшылығы Съездің жұмыс органы болып табылады (2003 жылғы 23-24 қыркүйекте өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің I съезі барысында қатысушылар Съездің жұмыс органы - Хатшылықты құру туралы шешім қабылдады).

Хатшылық Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезінің отырыстары арасындағы қызметті қамтамасыз етеді. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезі Хатшылығының Басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы болып табылады.

Хатшылықтың мүшелері Съезге қатысатын әлемдік діндер көшбасшыларының өкілдері, олардың ішінде ислам, христиан, иудаизм, буддизм, даосизм, синтоизм, индуизм, халықаралық ұйымдардың өкілдері болып табылады.

Хатшылық жыл сайын жиналады, әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің шешімдерін іске асыру, Съезд отырыстарын дайындауды қамтамасыз ету, негізгі тақырыптарды, жаһандық күн тәртібін, жұмыс регламентін, Съездің қорытынды құжаттарының (Декларациялар, Үндеулер) жобаларын келісу, конфессияаралық және өркениетаралық диалог мәселелері бойынша халықаралық құрылымдармен өзара іс-қимылды үйлестіру мәселелерін қарайды.

Съезд Хатшылығының жұмысы туралы толығырақ <https://religions-congress.org/ru/page/o-sekretariate> сайтынан біле аласыз